

Жаңа жылда жаңа нұр!

Жаңа жыл меркесіне орай безендірілген залға музыка ырғағымен сәнді киінген балалар кіреді.

Жүргізуші: *Жаңа жылдың таңы неткен арайлы*

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық

Баршамызға келсін жаңа ырыс құт.

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді

безендірілгеніне, балалардың Аязтаның, Ақшақардың, Қоянның, Аюдың карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Жүргізуші: *Сәлеметсіздер ме, Армысыздар, құрметті іқонақтар, ата - аналар! Біз сіздерді*

«Шаңырақ» ортаңғы тобының атынан келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге жаңа жылда, жаңа табыс, бақыт, денсаулық тілейміз, !

Жүргізуші: *Ән тындап, би билейік бүгін тойда,*

Қалады бүгінгі күн ойымызда.

Демалып Жаңа жылға қадам бастық,

Жаңа жыл құтты болсын баршамызға

Армысың, аманбысың Жаңа жылым.

Жаңа жылым! О, менің Жаңа жырым!

Қоян жылы келгенде, сый гып тартып,

Ақтарайық әнменен көңіл сырын.

Музыка әуенімен залға күлдірген мен қоян келеді(екеуі дауласып келеді, күлдіргеннің қолында гүл)

Жүргізуші: *Сәлеметсіздер ме! Қош келдіңіздер*

Күлдірген: *Сәлеметсіздерме балалар. Бүгінгі аналарымыздың мерекесі құтты болсын. Мен баршаңызға мереке қарсаңында күлкі сыйлайын деп асыға келдім. Мерекеден қалып қойған жоқпын ба?*

Балалар мыны Қоянға айтып түсіндіріңдерші бүгін аналарымыздың мерекесі емес пе. Мына гүлді қыста әрең дегенде таптып (уф деп маңдайын сүртед) Ал Қоян болса жоқ бүгін Жаңа -жыл деп қоймай тұр.

Қоян: Ха-ха-ха (күліп) Ой досым сен ұйқың қанбаған ба, әлде түс көрдің бе? Аналар мерекесі құлпырған көктемде емес пе. Бүгін барлық жерде жаңа -жыл мерекесі тойлануда. А, ал сен болсаң бар уақытыңды кетіріп гүл іздегенсің. Биыл менің жылым . Досым қалай ұмытып қалғансың

Күлдірген: Солай емес пе балалар

Балалар: Хормен бүгін жаңа-жыл мерекесі. Біз Аяз-Атаны күтіп отырмыз

Күлдірген: Қап әттеген -ай. Қалай шатасып қалғанмын. Балалардан ұят болды-ау. Енді нестесем екен. (Қолындағы гүлін артына жасырып, төмен қарап ұялып тұрды)

Жүргізуші: Ештеңе етпейді Күлдірген көңіліңді түсірме. Кел, ортаға біздің балалармен бірге би билеп ән шырқап, жаңа -жылды бірге қарсы алайық. (Күлдірген көңілденіп жсарайды дейді)

Ән: «Ақ Қоян»

Жүргізуші: Келесі кезекті балалардың жаңа жылдық құттықтау тілектеріне берелік.

Тақпақтар

Ахмад. Жасыл шырша орманнан

Бізге арнайы келіпті

Ойыншығын балалар

Шыршаға әсем іліпті

Мүслім : Жаңа-жыл, жаңа-жыл

Тамаша тойымыз

Алақай, алақай,

Өседі бойымыз

М.Дарын: Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Мадина: Ақ таяғын таянып

Таңмен бірге оянып

Аяз- ата келіп тұр

Ақ көрпеге оранып

Бексұлтан: Мерекеге келдік

Тақпақ айтып бердік

Ойыншықтар тізілген

Шыршаны да көрдік

Әбдіжаппар: Шырша қандай керемет

Ойыншықтар ілінген

Жымың қағып шамдары

Бүкіл қызық тірілген

Жүргізуші: Келді міне жаңа-жыл сәуле шашып,

**Құлпырады табиғат нұры тасып.
Жаңа жылды ағайын қарсы алайық,
Ортада балапандар биіменен.**

Би: Чупа-чупс

Жүргізуші: - Уа, халайық, жақсылыққа толы жаңа-жыл келді!

Кел, төрлет, жаңа жылым, құтты жылым,

Өзіңді бүкіл елім күтті бүгін.

Қарсы алдық сені еселі еңбекпенен

Жарқырап, әне, алдымнан шықты күнім

Жүргізуші: Балалар, ендеше неге тұрмызі ортаға Аяз - ата мен Ақшақарды шақырайық.

Аяз - ата ! Аяз - ата ! Ау - Ау - у!

Жүргізуші: Той! Мереке! Салтанат!

Думандады шартарап,

Аяз ата, ақшақар

Келіп қалды ортаға

Тартуларын арқалап.

Музыка әуенімен Аяз Ата мен Ақшақар келеді.

Ән: «Жаңа-жыл келді»

Балалардың Аяз - Атаға арнаған тақпақтары

Имран: Оралды өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпеге

Асқар тау қарлы шың

Рауан: Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған

Міне сұлу шыршамыз

О.Әли: Жаңа-жылым мол болсын

Басқан қадам ,оң болсын

Төрле, төрле жана-жыл

Бізге құтты жыл болсын

Дарын: Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз -ата оралып

Н.Омар: Ән айтамыз би билейміз

Диана: Әдемілеп біз ілген

*Біз көңілді баламыз
Тақпақ айтып би билеп
Аяз- атадан сыйлық аламыз*

*Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз*

Жүргізуші: Әуеледі әніміз

Жаңа кірді сәніміз

Қонақтарды ортаға ортаға алып

Би билейік бәріміз.

Би: «Снеговиктер»

Ойын: «Түрлі түсті шарларды жинау»

Аяз-ата: Ал балаларым , өнерлеріңді көрдім , керемет барлығы. Менің уақытым аз сондықтан сіздермен қоштасуым керек. Басқа да кішкене балаларым мені асыға күтіп отыр. Сіздер маған рқсат етсеңіздер мен әлі - талай асулардан асып өздеріңдей бүлдіршіндерді қуантуым керек. Келесі жылға дейін есен сау болыңыздар

Аяз-ата мен Ақшақар, Қоян, Күлдірген төртеуі шығып кетеді

Жүргізуші: Жүргізуші: Жаңа-жылда әр үйге бақ дарысын,

Қуанышпен ақ тілек ақтарылсын.

Алланың нұры жаусын әр бір үйге,

Жақсылықты тілеймін бар әлемге.

Құрметті қонақтар осымен бүгінгі «Жаңа-жылда, жаңа нұр» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Баршаңызға рахмет. Есен -аман болыңыздар. Келіп кірген 2023 қоян жылымыз құт-берекелі, ырысты жыл болсын!

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

«Жаңа жылда жаңа нұр!»

«Шаңырақ» ортаңғы тобы



Тәрбиешілері: Шарипова Ж.М

Сүлейменова.З.Ж

2022-2023 жыл





